

**КИМЭП Универсиетінің білім беру сапасын қаматамасыздандыру  
саласындағы саясаты**

**2017 жылғы 15 желтоқсанда Академиялық кеңеспен енгізген өзгертулермен**


Д-р Фредерик Эмрик, Академиялық кеңестің төрағасы  [қолы] \_\_\_\_\_  
Д-р Гилберт Томас Линне, оқу ісі жөніндегі проректор  [қолы] \_\_\_\_\_  
Д-р Тимоти Барнетт, бірінші проректор  [қолы] \_\_\_\_\_

КИМЭП Университеті көпұлтты және алуан мәдени білім алушылар контингентіне өз қызметін ұсынатын коммерциялық емес, тәуелсіз білім беру ұйымы ретінде Орталық Азиядағы американдық үлгідегі ең көне және ірі жоғары оқу орны болып табылады.

Сапаны қамтамасыздандыру саласындағы КИМЭП Университетінің саясаты жоғары білім беру саласында сапаны қамтамасыздандыру жөніндегі халықаралық стандарттарға, оның ішінде АҚШ жоғары білім беру жүйесінде сапаны қамтамасыздандыруға қойылатын талаптарға, «Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігіндегі сапаны қамтамасыздандырудың еуропалық стандарттары мен нұсқаулықтарына», сонымен қатар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі қалыптастырыған білім беру саласындағы ұлттық саясатқа сәйкес келеді.

КИМЭП Университетінің Сапаны қамтамасыздандыру саясаты «Әлемдік деңгейдегі университет» ретінде қалыптасу жоо-ның болашақтағы негізгі мақсаты ретінде көрсетілген 2015-2018 жылдарға Стратегиялық жоспарды жүзеге асырудың тікелей қорытындысы. Университеттің құрылымдағы факультеттер мен кафедралар, олардың осыған дейінгі даму тарихы факторларына байланысты аталмыш саясаттың барлық аспектілерін енгізу дайындығы мен мүмкіндіктерінің түрлі деңгейде болуына қарамастан қазіргі таңда сапаны қамтамасыздандырудағы Университеттің жоспары толықтай жүзеге асырылуда. Осы себептен Университеттің түрлі факультеттері мен кафедралары қажетті кадрлық және физикалық инфрақұрылымды дамыту және орындалуына қарай процесстер мен процедураларды енгізуде түрлі жылдамдықпен сипатталады.

«Сапаны қамтамасыздандыру» термині немесе СҚ әдетте түрлі жағдайларда қолданылады. КИМЭП Университеті сапа динамикалық және үздіксіз процесс екедігін түсінеді және оны сипаттауға ХХ ғасырдың 50-жылдары Уильям Эдаврдс Дэминг кең таратқан ЖОТӘ (Жоспарлау-Орындау-Тескеру-Әсер ету) процесінің үздіксіз қайталануы түрінде сапаны қамтамасыздандырудағы процестің үздіксіздігі мен тұрақтылығын білдіретін Сапаны үздіксіз арттыру (СҰА) сияқты терминін қолдану ең дұрысы деп санайды.



КИМЭП Университеті сапаны қамтамасыздандырудың институционалды, кафедралық және бағдарламалық процесі механизмдермен үйлесетін сапаны қамтамасыздандырудың тиімді қызметтер шеңберін қалыптастырды. Олар барлық факультеттер, кафедралар, академиялық және академиялық емес бөлімдердің жұмысына енгізілген.

### **Сапаны қамтамасыздандыру мақсаты**

Сапаны қамтамасыздандыру саясатының мақсаты бүкіл Университет және барлық негізгі кафедралар, бөлімдер және академиялық бағыттар үшін білім беру саласы шеңберінде сапаны қамтамасыздандырудың негізгі құндылықтарының жалпы жиынтығын қалыптастыру.

Сапаны қамтамасыздандыру саясаты құрамына білім беру және оқытуға, оның ішінде сапаны қамтамасыздандыру қағидалары мен осы жұмысты атқару үшін қойылған бірқатар мақсаттарға байланысты университеттің көзқарасы кіреді. Аталмыш саясат КИМЭП Университетінің білім беру саласындағы стратегияға жәрдемдеседі және Университеттің сапаны қамтамасыздандыру және білім беру бағдарламаларының одан әрі дамуына бағытталған әрекеттерінің жүзеге асырылуына мүмкіндік туғызады.

Сапаны қамтамасыздандыру жүйесі КИМЭП Университетінің білім беру қызметіне арналған құжаттамаларды ұсынуға міндетті. Сонымен қатар ол білім беру бағдарламаларының директорларына және білім беру жөніндегі кеңестерге университеттің бағдарламаларының сапасын одан әрі дамыту мақсатымен зерделі шешім қабылдау үшін мүмкіндіктер беруі тиіс.

Сапаны қамтамасыздандыру білім беру саласында университеттің қызметінің сапасының жүйелі және мақсатты дамуына, сонымен қатар оның құжатталуына бағытталған барлық әрекеттер мен әдістердің жиынтығы ретінде анықталады.

КИМЭП Университеті практикалық қызметпен қатар елеулі академиялық кәсіпқойлықпен ерекшеленетін ғылыми зерттеулер жүргізуге бағытталған білім беру бағдарламаларын ұсынады. Студенттерге білім берудің маңызды элементі болып табылатын жағымды академиялық ортаның орын алуына едәуір көңіл бөлінеді. Практикалар мен оқыту нысандары студенттердің қатысуы мен ынтасын арттыру және олардың оқу үлгерімдерінің қорытындыларын жетілдіру мақсатында үнемі дамытылады және жаңартылып отырады. Университет түлектері инновацияға және болашақта отандық және халықаралық еңбек нарығында білімдері мен идеяларының трансформациясына икемділікпен ерекшеленеді. Сонымен қатар түлектер оқу аяқталғаннан кейін университетпен белсенді қарым-қатынаста болады және алынған білімдерін өмір бойы білім алу базасы деп қарастырады.

### **Сапаны қамтамасыздандыру қағидалары**

КИМЭП Университетінің сапаны қамтамасыздандыру келесі қағидаларға негізделген:

- Сапаны қамтамасыздандыру мен оны құжаттау үшін жалпы жауапкершілік бағдарлама жетекшісіне/кафедра меңгерушісіне жүктелген және академиялық қызметкерлермен, әкімшілік-техникалық персоналмен және студенттермен бірігіп жүзеге асырылады.
- Сапаны қамтамасыздандыру білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету мен оның дамуына қатысушылардың негізгілері қолып табылатын академиялық персонал мен студенттердің кездесуінен басталады. Университет оның қызметінің сапасын қамтамасыз етудің ажырамас бөлігі болып табылатын жоғары білікті персоналымен ерекшеленеді.
- Өз дамуында сапаны қамтамасыздандыру кәсіпқойлыққа, диалог пен біліммен алмасуға негізделеді. Сапаны қамтамасыздандыру білім берудің барлық шеңберлерінде сапаның жүйелі және тұрақты дамуын сүйемелдейді, сонымен қатар құжаттама тұрғысынан заң талаптарына сәйкестік үшін қажетті ретроспективалық фокусты қамтамасыз етеді.
- Сапаны қамтамасыздандыруды бағалау мен дамудың бір бөлігі болып табылатын сырттай мүдделі тараптар үнемі процеске тартылады.
- Сапаны қамтамасыздандырудың сәтті жүйелі алғышарты – міндеттерді нақты үлестіру негізінде ұжымның барлық деңгейлерінде процеске қатысушылармен тиісті процедуралар мен ережелердің нақты міндеттерін түсіндіру, ұғындыру және енгізу.

### **Жалпы академиялық сапа**

КИМЭП Университетінің академиялық құрылымы академиялық қызметпен байланысты барлық факультеттер мен бөлімдердің, білім беру бағдарламалары мен олардың мазмұнын, профессор-оқытушылар құрамын, бюджетін, бағалау стратегияларын, бағдарламаларды

қайта қарау және сапаны қамтамасыздандырудың тиісті академиялық қадағалауын қамтамасыз ету мақсатында құрылған. 1-қосымшаны – Академиялық ұйымдық құрылымды қараңыз.

КИМЭП Университетінің әрбір факультеті немесе академиялық бөлімі өзінің жеке сапаны қамтамасыздандырудың үздіксіз процесін қалыптастыру үшін жауапты. Аталымыш процеске бағдарламалардың өздерін, олардың ПОҚ-тарын, қаржылық жағдайын, оқыту мазмұнын, бағалау есептемелерін және бағдарлама тиімділігін жыл сайынғы және циклдық қайта қарастыру кіреді. Жоғарыда аталғандай, бағдарламаларды қайта қарастырудың екі түрі бар: жыл сайынғы (негізінен көлемі жағынан нақты бағдарламаның оқыту қорытындыларымен шектелетін, бірақ бағдарламаға ішінара шолу және оның оқу жоспары, ПОҚ-қа шолу, қаржылық жайдайға, студенттерді оқыту, басшылық үшін бағдарлама резюмеі туралы құнды ақпараттан тұратын) және толықтай қайта қарастыру (әдетте 3-5 жыл сайын өткізілетін және жыл сайынғы қайта қарастырудағы ақпаратпен қоса бағдарлама бойынша оқытудың қорытындыларына шолу мен бағдарлама тиімділігі кіреді). Бағдарламаны жыл сайынғы және толық қайта қарастырудағы мұндай ақпарат оқудың мазмұны мен бағдарламаның тиімділігін тексерістен өткізу үшін және нарық сұраныстарын, студенттер қызығушылығын білуге, қосылған құн мен қаржылық қорытындылар жасауға жәрдемдеседі. Бағдарламаны қайта қарастырудың екі түрі де мәліметтерді жинау және сараптау өткізілген жылдан кейінгі оқу жылының күзгі семестрінде жүзеге асырылады. Қайта қарастыру орындалғаннан кейін оның қорытындылары оқу ісі жөніндегі проректорға, сонымен қатар оқу жоспарын қайта қарастыру, сапаны қамтамасыздандыру, студенттерді қабылдау және гранттарды тағайындау жөніндегі қосалқы комитеттердің қарастырылуына және кері жауабын алу үшін беріледі. Күрделі мәселелер немесе тексеріс өткізу қажеттілігі туындаған жағдайда мәселелер Академиялық кеңес пен Президент кабинетінің қарастырылуына жіберіледі. Бағдарламаларды қайта қарастыру жөнінде толық ақпарат үшін 2-қосымшаны қараңыз.

#### **Академиялық сапаны қамтамасыздандыру процедуралары және оларды қадағалау**

Академиялық кеңеспен қатар басқа түрлі бөлімдер КИМЭП Университетінде академиялық сапаны қамтамасыздандыру процесін қадағалау функцияларын жүзеге асырады. Оқу ісі жөніндегі проректордың офисі әрбір факультет пен академиялық бөлімдердің сәйкес деңгейді СҚ тұрақты процестерін жүргізу негізінде жалпы құралымын қадағалайды. Бұл ретте ОЖП офисі Академиялық кеңеспен және сапаны қамтамасыз ету және институтционалды зерттеулер бөлімімен енгізілген қосымша түзетулері бар декандардан алынған ақпаратты басшылыққа алады.

Академиялық сапаны жалпы қамтамасыздандыру және шешімдерді қабылдау процесіне академиялық саясат пен процедураларға едәуір өзгертулер мен толықтырулардың барлығын қарастыратын комитеттер жұмысы кіреді. Көптеген мәселелер жұмыстың нақты аспектілеріне көңіл бөлетін жеке оқытушылармен және олардың тобының бастамашылығымен қарастыруға беріледі. Аталмыш мәселелер ОЖП кабинетінде әр сейсенбіде түстен кейін декандардың апта сайынғы отырысында (отырысқа ОЖП, декандар және Тілдер орталығының директоры қатысады), немесе Уәлиханов атындағы ғимараттың №237 конференц-залында әрбір екінші жұма күні өткізілетін Академиялық кеңестің отырыстарында қарастырылады. Бұндай отырыстардың хаттамалары еркін қолданыста болады және тиісті комитеттердің мүшелеріне олардың мақұлаудың алу үшін таратылады. Мәселені Академиялық кеңестің талқылауына дейін декандар отырысына шығарған жағдайда сәйкес факультет деканы немесе ОЖП мәселені Академиялық кеңес тарапынан қарастыруына, талқылауына және мүмкін бекітуіне ұсынады. Осы ретте басқа жағдайлар туындаған болса, Академиялық кеңестің шешімі Достық ғимаратының №1 конференц-залында дүйсенбі сайын түстен кейінгі уақытта орын алатын Президент кабинетінің отырысының қарастырылуына шығарылады. Егер Президент кабинеті және/немесе Директорлар кеңесі/Қамқоршылар кеңесі Академиялық кеңеспен қабылданған

ұсынысты қабылдамаса, онда Президент кабинеті/ Директорлар кеңесі/Қамқоршылар кеңесі Академиялық кеңеске ұсынылған шешіммен келсіпеу себептерін жазбаша түрде қайта қайтарады. Егер Академиялық кеңес Президент кабинетімен/Директорлар кеңесімен/Қамқоршылар кеңесімен қайтарылған ұсынысты қайта бекітсе, ол Президент кабинетінің/Директорлар кеңесінің/Қамқоршылар кеңесінің бекітуі мақсатымен қайта қарастырылуға жіберіледі.

### **Академиялық кеңес**

КИМЭП Университетінің Академиялық кеңесінің («Кеңес») мақсаты – Университеттің академиялық мәселелеріне басшылық ету. Кеңес КИМЭП Университетінің Жарғысының 6.4-бабында нақты қарастырылған білікті құзіретке ие. Кеңес Университеттің жаңа білім беру бағдарламаларын бекітуде және ұсыныстарды дайындауда, олардың Президент кабинетімен/Директорлар кеңесімен/ Қамқоршылар кеңесінің бекітуіне ұсынуға айрықша өкілеттілікке ие. Кеңес сондай-ақ академиялық сапаны қамтамасыздандыруды қадағалауға және оқу жоспарларын қайта қарастыру, сапаны қамтамасыздандыру және гранттар мен стипендияларды қабылдау мен үлестіру жөніндегі тұрақты комитеттің көмегімен бағдарламалардың мазмұнын қайта қарастыруға жауапты. Факультет декандары, Тілдер орталығының директоры, қабылдау комиссиясының және қаржылық қолдау бөлімінің директоры, студенттерді тарту және қабылдау жөніндегі президент орынбасары аталмыш комитетте өкілдікке ие, сондай-ақ жеке өзі немесе уәкілетті өкілі арқылы аталмыш комитетке қолдау көрсетеді. Сапаны қамтамасыздандыру, бағалау және СҮҚ саласында эксперттік біліктілігі бар басқа тұлғалар Академиялық кеңестің мүшелерімен талқылағаннан кейін тағайындалады.

Аталмыш қосалқы комитет білім беру бағдарламаларының мазмұнын оның Ұлттық біліктілік шеңберге сәйкестігін және әрбір бағдарламаның оның қайта қарастырылуы туралы негізделген есептемелер ұсынуын, сонымен қатар академиялық саладағы СҮҚ процесін бақылауды жүзеге асырады. Комитеттің бұл функциясына жаңа бағдарламалар немесе пәндерді бағалауға, талдауға және орындылығын анықтау немесе әрекет етіп жатқан бағдарламаларға, өзгелердің академиялық тәжірибелерін қолдануды қадағалау және сапасын қамтамасыздандыруға қатысты критерийлерге өзгерістер енгізу, сонымен қатар әрбір бағдарлама бойынша мемлекеттік білімдік стандарттармен реттелмеген гранттар мен стипендияларға қабылдау және оларды үлестірумен байланысты, оның ішінде студенттерді қабылдаудағы қосымша критерийлері мен ережелерге байланысты ұсыныстар беру кіреді. Қосалқы комитеттің төрағасы ұсынылатын өзгерістерді қосалқы комитетпен немесе кеңеспен толықтай қарастыруды талап ету үшін маңыздылығын анықтау құзіретіне ие.

Академиялық кеңес пен оның тұрақты қосалқы комитеттерінің жұмыс тәртібімен толығырақ тансу үшін 3-қосымшаны қараңыз.

### **Академиялық сапа және институционалды зерттеулер бөлімі**

Академиялық сапа және институционалды зерттеулер бөлімі КИМЭП Университетінің бағалау практикасын қалыптастыру мен ішкі процестерді қайта қарастыру арқылы сапаны қамтамасыздандыру жүйесін дайындау жұмыстарын жүргізіп жатқан уақытта Академиялық кеңес академиялық сапаны үздіксіз жетілдіру процесінің мониторингін қамтамасыз етеді. Осыған қоса АСИЗБ одан әрі жетілдіруді қажет ететін аспектілерді анықтау мақсатында ПОҚ-тан, студенттерден, әкімшілік-техникалық персоналдан, түлектерден, жұмыс берушілерден және т.б. кері байланысты пайдалана отырып академиялық қызмет және оқу ортасының тұрақты мониторингін жүзеге асыруға тырысады.

АСИЗ бөлімі негізгі жауапкершіліктері қатарына келесілер жатады:

- Студенттер, ПОҚ, әкімшілік-техникалық персонал, түлектер және олардың жұмыс берушілері арасында сауалнама жүргізу;
- КИМЭП Университетінің басшылығына академиялық қызметтер мен оқу ортасы жөнінде талдау мәліметтерін ұсыну;
- Сыртқы ұйымдарға (мемлекеттік органдарға, әріптес жоо-ларға, ұлттық және халықаралық аккредитация агенттіктеріне және т.б.) КИМЭП Университетінің қызметі туралы ақпарат ұсыну;
- Академиялық сапаны дамытудың жалпы стратегияларын анықтау және тәжірибемен алмасу мақсатында отандық және халықаралық әріптестермен ынтымақтастықты дамыту.

АСИЗ бөлімі институционалды зерттеулер мен бағалау саласындағы өз қызметін 2005 жылғы қаңтар айында халықаралық тәжірибені зерттеуден бастады. Көктемгі семестрде тұңғыш рет студенттер мен түлектердің қанағаттану сауалнамалары жүргізілді, сонымен қатар КИМЭП Университетінің басшылығы мен академиялық қауымдастыққа ұсынылған және толық есептемелер кірген тұрақты оқыту сапасын бағалау сауалнамалары енгізілді. 2005-2006 оқу жылынан бастап КИМЭП Университетінің ПОҚ және әкімшілік-техникалық персоналдың қанағаттану деңгейі жөніндегі сауалнамалар дамытылды және оларды жүргізу жұмыстары басталды.

АСИЗ бөлімі:

- Студенттерден – барлық өткен пәндер бойынша академиялық тиімділік (Оқытудың сапасын бағалау сауалнамасы) және қолдау қызметтерімен ұсынылатын қызмет көрсету деңгейі (Студенттердің қанағаттануы сауалнамасы) жөнінде;
- ПОҚ-тан – жұмыс жағдайы, кәсіптік даму мүмкіндіктері мен басқару сапасы жөнінде (ПОҚ-тың қанағаттануы сауалнамасы);
- Түлектерден – алған білімдері мен дағдылары, академиялық қызметтермен және қолдау қызметтерінің қызмет көрсету деңгейімен қанағаттануы жөнінде (Бігіруші студенттерге арналған сауалнама);
- Өткен жылдар түлектерінен – олардың кәсіптік біліктіліктерінің сапасы мен жұмыс жағдайы жөнінде (Өткен жылдар түлектерінің сауалнамасы);
- Жұмыс берушілерден – түлектердің академиялық дайындығы мен кәсіптік дағдылары жөнінде (КИМЭП Университеті түлектерінің жұмыс берушілеріне арналған сауалнама) алынған кері байланыс талдауы мен бағалауын жүргізеді

Жоғарыда аталғандармен қатар АСИЗ бөлімі талап ету бойынша фокус топтар зерттеулері мен бірқатар мамандандырылған сауалнамалар, сонымен қатар потенциалды студенттер, бірінші курс студенттері және басқа да мүдделі тұлғалар арасында сауалнамаларды жүргізеді. АСИЗ бөлімінің сауалнамалар есептемелері КИМЭП Университетінің қауымдастығына және жалпақ жұрқа [Сауалнама қорытындысы](#) сілтемесі бойынша қол жетімді.

АСИЗ бөлімі ҚР Білім және ғылым министрлігінің Болон процесі және академиялық мобильділік орталығымен, сонымен қатар Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігімен (БСҚА) тұрақты түрде бірігіп қызмет істейді және аталмыш агенттіктермен жыл сайынғы негізде жүргізілетін ұлттық жоо-лар рейтингісіне арналған КИМЭП Университеті туралы ақпаратты ұсынады. АСИЗ бөлімі ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру департаментімен жүргізілетін тоқсандық, жарты жылдық және жыл сайынғы есептемелерді дайындайды және ұсынады.

### **Сапаны қамтамасыздандырумен байланысты бөлімдер**

Білім беру саласында сапаны қамтамасыздандыру бес тақырыпшаларға бөлінеді:

- 1) Білім алушыларды тарту және қабылдау
- 2) Процедура құрылымы
- 3) Білім беру, оқу және оқытудың жағымды ортасын қалыптастыру;
- 4) Білім беру бағдарламалары мен еңбек нарығының арақатынасы

Сапаны қамтамасыздандыру процесінде жалпы құндылықтарды анықтайтын әрбір тақырыпша бойынша бірқатар міндеттер қарастырылған.

### **1. Студенттерді қабылдау және оқудың басталуы**

КИМЭП Университетінің мақсаты – Қазақстаннан, Орталық Азия мен басқа елдерден жоғары білікті және дарынды студенттерді тарту.

КИМЭП Университеті білім беру бағдарламаларының саналы және білікті таңдауын қалыптастыруға тырысады және оқуға түсушілердің Университет студенті мәртебесіне өтуге арналған қолайлы бағыт-бағдар беру бағдарламасын ұсынады. Студенттерді тұрақты тарту және қабылдау ісіндегі жүйелі жұмыстарға келесілер жатады:

1.1. Жергілікті және шетелдік студенттерге білім беру бағдарламаларының мазмұны мен талаптарын түсіндіру, сонымен қатар студенттік өмірдің ерекшеліктерін ұғындыру негізінде нақты тұжырымдалған және объективті ақпаратты ұсыну арқылы білім беру бағдарламасын саналы түрде таңдау мүмкіндігі беріледі.

1.2. Білім беру бағдарламалары туралы ақпарат потенциалды студенттерге университеттің стратегиялық міндеттері мен қоғамның сұраныстарын ескере отырып жеткізіледі.

1.3. Студенттерге академиялық интеграцияға, академиялық дағдарылға кіріспе және жағымды оқу ортасын қалыптастыруға бағытталған бастапқы базалық бағдарлама ұсынылады.

1.4. Шетелдік студенттерге КИМЭП Университетінің оқыту негізінде жатқан тілдік, мәдени және білім беру талаптары бойынша кіріспе курстар ұсынылады.

1.5. Жергілікті және шетелдік студенттерге жұмысқа орналасудың нақты мүмкіндіктері көрсетілген мұқият қалыптастырылған және объективті ақпарат негізінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім алу бағдарламаларын саналы таңдау мүмкіндігі беріледі.

### **2. Білім беру бағдарламалары қызметінің құрылымы мен процедуралары**

КИМЭП Университетінің мақсаты – академиялық жүйелілікпен және жалпы бағдарламаға арналған ECTS жүйесіне теңестірілген оқу қызметімен сипатталатын білім беру бағдарламаларын ұсыну. Білім беру бағдарламаларының құрылымы студенттерге қолайлы және мобильді білім алу мүмкіндігін береді, ал ол өз алдына білім алудың және оған деген құштарлықты күшейту мақсатында өз оқуына ықпалын тигізеді, сонымен қатар бағдарламалар бойынша үздік бітіріп жатқан студенттердің санын арттырады. Білім беру бағдарламалары мен ұсынылатын пәндердің құрылымын, сондай-ақ олардың мазмұнын үнемі дамыту үшін жасалатын жүйелі жұмыстар қатарына келесілер жатқызылады:

2.1. Білім беру бағдарламалары жалпы академиялық жүйелілік, практикалық және/немесе ғылыми-зерттеу бағытталғандық негізінде оқудың нақты міндеттерін орындау және жалпы академиялық біліктіліктердің қалыптасуына бағыттайтын құрылымда қалыптастырылған.

2.2. Білім беру бағдарламаларының құрылымы, мазмұны және контексті студенттерге оқу процесі жөнінде хабардарлық пен оның қадағалатындығы негіздерін қалыптастыру мақсатында студенттерге жеткізіледі. Осындай хабардарлықтың негізінде тиісті бағдарламаның және оның пәндерінің жалпы көрінісі қалыптасады және осылайша білім алушылардың бағдарламада білім алу барысында білікті шешім қабылдау құзіретін береді.

2.3. Білім беру бағдарламасы шеңберіндегі оқыту процесі және білім беру қызметіне қойылатын талаптар білім беру бағдарламалар бойынша ECTS жүйесінің шарттарына теңестірілген.

2.4. Жоғарыда аталған білім беру міндеттерімен, үздік академиялық сапаны қамтамасыздандыру, сонымен қатар ұлттық және халықаралық масштабтағы студенттердің мобильділігінің арттыру мақсатымен білімдік жетістіктерді бағалаудың анық және қолайлы практикасының болуы.

### **3 Оқу, оқыту және білім алу үшін жағымды орта қалыптастыру**

КИМЭП Университеті ғылыми зерттеулер жасауға және студенттерге жеке таланттарын ашу мүмкіндігін беруді қарастыратын жоғары сапалы білім алуды ұсыну арқылы жағымды орта қалыптастыратын салмақты академиялық құзіреттер мен ғылыми-зерттеу және эмпирикалық тәжірибеге негізделген тартымды білім беру бағдарламаларын құруға және оларды барынша дамытуға тырысады. ЖОО-дағы оқу ортасы терең академиялық шоғырланушылық және даму мүмкіндіктерін ұсыну арқылы студенттерді ынталандыру қажет және білім беру бағдарламаларының дамуын алға тартуға тиіс. КИМЭП Университетінің білім беру бағдарламаларының және оқу мен оқытудың жағымды ортасының дамуының тұрақтылығын қамтамасыздандырудың жүйелі жұмыстарға келесілер жатады:

3.1. КИМЭП Университетінің білім беру қоры жоо-ның стратегиялық міндеттері мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес дамуда.

3.2. Білім беру бағдарламаларының директорлары мен оқу жөніндегі кеңестері академиялық ортамен бірлесе отырып тиісті бағдарламаның барлық құрылымын жүйелі бағалау арқылы студенттердің, түлектердің, қосалқы емтихан алушылардың және жұмыс берушілердің қатысуымен білім беру қоры мен білім беру бағдарламалары үшін оқыту мақсаттарын дамытады.

3.3. Белсенді зерттеушілердің барынша күш-жігерін салуының нәтижесінде студенттерге бағдарлама бойынша оқу процесі кезінде ғылыми жұмыс әдістерін үйрену және оларды жетілдіру мүмкіндігін бере отырып соңғы және өзекті әрі ғылыми зерттеулердің негізінде ғылыми-зерттеу білім беру бағдарламалары құрылады.

3.4. Білім алуға ынталандыратын физикалық инфрақұрылымды дамыту, студенттерге жағымды оқу ортасын құру мақсатында лекцияларда физикалық инфрақұрылыммен қатар 21-ғасырдың оқыту әдістерін пайдалану.

3.5. Білім алу процесін қолдау мақсатында оның түрлі сатыларында сандық білім беру ортасының дамуы.

3.6. Оқытудың таңдалған әдістері оқытудың міндеттеріне енгізілген және емтихандарда тексерілетін білім деңгейі, дағдылар мен біліктіліктің жетілуіне мүмкіндік береді.

3.7. Қолданылатын бағалау әдістері үнемі даматылып отырады және шыншыл, әділ және өзекті, сондай-ақ білім алуға итермелейтін себепкер болып табылады. Студенттердің үлгерімін бағалау танылған және қол жетімді ұлттық және халықаралық талаптарға, ережелер мен процедураларға негізделген, сонымен қатар қосалқы емтихан алушы ұйымдармен бірлесе отырып дәйекті түрде қолданылады.

3.8. Студенттермен оқытудың және пәннің сапасын бағалау оқыту теориясы мен бағалау негізінде жүйелі бағалау арқылы пәндерді дамыту процесіне енгізілген.

3.9. Оқытуда, бағдарламаларды дамытуда жеткен жетістіктер үнемі ескеріледі, бағаланады және педагогикалық қызметтерді жүзеге асырушылардың еңбекақы құрылымы мен қызметкерлерге қарастырылған жеңілдіктердің нақты құрылымы арқылы қолдау көрсетеді.

3.10. Бакалавриат, докторант, штаттан тыс қызметкерлер деңгейінің оқытушылары үшін өз қызметтерін жүзеге асыру барысында профессорлық дәрежесінің барлық деңгейдегі оқытушылармен бірдей оқытудың дидактикалық академиялық дағдылардың қалыптасуы, қолдау табуы және дамуы.

3.11. Штаттан тыс оқытушылар штаттық оқытушыларға теңестірілген және олармен тең дәрежеде университет ортасын құрайды. Штаттан тыс оқытушылар оқыту мен білім беру саласында сапаны дамыту мақсатында жоо-да өткізілетін барлық шараларға қатыса алады және оның барлық ресурстарына қол жеткізе алады.

### **4 Оқу ортасы**

КИМЭПУниверситетінің мақсаты – қазақстандық және шетелдік студенттерді тарту және тұрақтандыру үшін жағымды оқу ортасын құру. Оқудың жағымды ортасына академиялық және әлеуметтік интеграция, процестерге араласу, білім беру бағдарламаларының



толыққандылығы мен оны қолдау кіреді. КИМЭП Университетінде жағымды оқу ортасын тұрақты қолдау жөніндегі жүйелі жұмыстарға келесілер жатады:

- 4.1. Жағымды оқу ортасы білім беру бағдарламасының басшылығы, ПОҚ пен студенттер арасындағы диалог негізінде қалыптасатын академиялық интеграцияға негізделеді.
- 4.2. Оқытушылар мен студенттердің арасында еркін оқу қарым-қатрынасын дамыту негізінде оқудың жағымды ортасы қолдау тауып отыр.
- 4.3. Студенттердің академиялық және әлеуметтік интеграциясына бағытталған бастамаларға қолдау көрсету арқылы жергілікті және шетелдік студенттердің академиялық қауымдастыққа тартылуы.
- 4.4. Студенттерге оқу үлгерімін арттыруға жетелейтін жеке және топпен кеңес беру, сонымен қатар академиялық жетістіктеріне байланысты мәселелерге түсініктеме беру қызметтері ұсынылады.
- 4.5. Ерекше қажеттіліктері бар студенттерге ресурстар мен арнайы жағдайлар жөнінде арнайы кеңес беру кіретін кеңестер қарастырылған.
- 4.6. Жағымды оқу ортасын құрайтын физикалық, әлеуметтік, эстетикалық және сандық инфрақұрылым әрдайым даму үстінде.

## **5 Білім беру бағдарламалары мен еңбек нарығы арақатынасы**

КИМЭП Университетінің мақсаты – оқу бағдарламаларын бітірген түлектерді аймақтық, ұлттық және халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті ету және қалаған жұмыс орнын табу мен мансап құру мүмкіндігін қамтамасыз ету. Студенттер білім беру бағдарламалары мазмұны мен ішкі және халықаралық еңбек нарықтарының талаптарын тәжірибе негізінде ұғыну қажет. КИМЭП Университетінің түлектері қоғам үшін құнды болып табылатын заманауи білім, дағдылар мен пәнаралық біліктіліктер арқылы өз үлестерін қоса алады. Түлектердің КИМЭП ұсынатын тұрақты кәсіптік даму және өмір бойы білімін жетілдіру мүмкіндіктерін қолдануын жоо барынша қошеметтейді. Білім беру бағдарламалары мен еңбек нарығының өзара байланысын үнемі қолдау жөніндегі жүйелі жұмысқа келесілер кіреді:

- 5.1. Студенттер мен олардың болашақ жұмысқа орналасу нарығымен танысу және байланыстарды орнату бір жағынан нақты жобаларды орындауға бағытталған пәндерді оқу мүмкіндігін туғызады, ал екінші жағынан білім беру бағдарламасы шеңберінде отандық немесе/және шетелдік жеке және/немесе мемлекеттік өнеркәсіптермен жобалар мен тапсырмаларды бірлесе отырып жүзеге асыру мүмкіндігін береді.
- 5.2. Модульдық кәсіпкерлік және пәнаралық білім берудің кең мүмкіндіктерін ашатын білім беру бағдарламалары студенттерге ұсынылған.
- 5.3. Қажетті пәндерді және халықаралық еңбек нарығында жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін таңдауға байланысты ақпарат пен мансаптық кеңестерден үнемі хабардар болып отыру білім алу мен жұмысқа орналасуға дейінгі аралықты тиімді өтуге септігін тигізеді.
- 5.4. Еңбек нарығының талаптары контекстіндегі білім беру бағдарламаларының өзектілігі түлектердің жұмысқа орналасу жағдайы бойынша жарияланатын зерттеулерден және студенттермен, бітіріп кеткен түлектермен және жұмыс берушілермен сәйкес сұхбаттардан тұрақты түрде алынатын ақпарат негізінде дамытылады.
- 5.5. Үздіксіз және жоо-дан кейінгі білім алу пәндер спектрі түлектерге алған білімі негізінде немесе оны одан әрі толықтыру мақсатында өздерінің академиялық дамуын жалғастыру үшін дамытылады.

*Сапаны қамтамасыздандыру саласындағы саясат оқу ісі жөніндегі проерктор офисімен академиялық бөлімдер және студенттермен бірлесіп дайындалды. Аталмыш саясат Университет басшылығымен 2013 жылғы 17 маусым күні бекітілді және күшіне 2013 жылғы 1 тамыз күні енді.*

